

**2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 мамырдағы № 582 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаевқа 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

3 0

м а м ы р д а ғ ы

№

5 8 2

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

**2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) қатысушы мемлекеттердің үкіметтері төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Келісімге 1-қосымшаға мынадай өзгерістер енгізілсін:  
тауар орын алған елден шыққан деп есептелетін орындалған шарттардың, өндірістік және технологиялық операциялардың тізбесінде, кестеде:  
М ы н а :

«

8415	Ылғалдылығы жеке реттелмейтін кондиционерлерді қоса алғанда, ауаның температурасы мен ылғалдылығын өзгертуге арналған двигателі мен аспаптары бар желдеткіштермен жабдықталған ауаны тазалауға арналған қондырғылар	Мынадай технологиялық операцияларды орындаған кезде кез келген позициядағы материалдардан дайындау: - корпусы дайындау, электр өткізгіш элементтерді дайындау; - блоктарды жинау және монтаждау; - тоңазытқыш агентті құю; - параметрлерді реттеу және бақылау
------	---	--

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

8415	Ылғалдылық жеке реттелмейтін кондиционерлерді қоса алғанда, қозғалтқышы бар және температура мен ауаның ылғалдылығын өзгертуге арналған желдеткішпен жабдықталған ауаны тазартуға арналған қондырғылар	Мынадай технологиялық операцияларды орындау шартымен кез келген позициядағы материалдардан дайындау: - корпусы дайындау, электр өткізгіш элементтерін дайындау; - блоктарды құрастыру және монтаж; - конструкциясында хладагент құю көзделмеген және/немесе құю монтаждау кезінде жүзеге асырылатын жағдайлардан басқа, хладагент толтыру; - параметрлерін реттеу және бақылау
------	--	--

»

М ы н а :

«

8702-8704	Жүргізушіні қоса алғанда, 10 немесе одан да көп адамды тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары және жүк тасуға арналған моторлы көлік құралдары	Пайдаланылатын желілер мен бөлшектердің құны дайын өнімнің 50 %-дан аспауға тиіс, сондай-ақ мынадай технологиялық операцияларды орындау жағдайында дайындау: - шанақты (кабинаның) әзірлеу және бояу; - қозғалтқышты орнату және бекіту, қозғалтқышқа басқару механизмдерін қосу; - радиаторларды орнату және салкындатқыш жүйелерді қосу; - бәсеңдеткіштерді бекіту, трансмиссияны қосу; - алдыңғы аспаны және жарты осьті орнату, артқы аспаларды орнату; - рульдік басқаруды алдыңғы доңғалақ күпшектерімен қосу; - доңғалақтарды орнату және алдыңғы күпшек мойынтіректерін тартып байлап реттеу, от алдыру орауышын орнату; - рульдік басқару гидрожүйесін, тежегіш жүйені, гидротіркеуді салу және айдау; - бағытшамды, алдыңғы және артқы сигналдық шамдарды орнату және қосу; - сөндіргіш және құбыржолдың шығару бөліктерін орнату;
-----------	---	--

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- отын бағын орнату және отын жетегін қосу;</li> <li>- генераторды орнату және жетек белдігінің керілуін реттеу;</li> <li>- электрлік ернеу тізбектерінің жұмысын тексеріп, аккумуляторды орнату және қосу;</li> <li>- диагностика және қозғалтқышты реттеу;</li> <li>- тежегіш жүйенің тиімділігін тексеру;</li> <li>- тез бұзылатын жерлерін консервациялау;</li> <li>- құрастырғаннан кейінгі ақауларын жою;</li> <li>- кестелікке және автомобильге идентификациялық нөмір салу ;</li> <li>- автомобильді жүргізіп жаттықтыру.</li> </ul> <p>Жоғарыда көрсетілген технологиялық және өндірістік операцияларда 8704 тауарлық позициясы үшін шанақ (кабинаның) әзірлеу және бояу орнына аспасы және аралықшасы болатын жақтауды әзірлеу бойынша операцияны орындауға рұқсат етіледі</p>
--	--

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

8702-8704-тен	<p>1) іштен жану қозғалтқыштары бар жеңіл автомобильдер және моторлы көлік құралдары</p>	<p>Пайдаланылатын материалдардың құны соңғы өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс, сондай-ақ мынадай технологиялық операцияларды орындау шартымен жасау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шанақты (кабинаны) жасау кезінде дәнекерлеу операцияларын көздемейтін технологияларды қолданған жағдайда, шанақты (кабинаны) дәнекерлеу немесе шанақты (кабинаны) өзге тәсілмен жасау;</li> <li>- шанақты (кабинаны) бояу;</li> <li>- қозғалтқышты орнату;</li> <li>- қосалқы жабдықты орнату, оның ішінде моторлы көлік құралының конструкциясында көзделген қауіпсіздік, жылыту және салқындатқыш жүйелерін орнату;</li> <li>- трансмиссияны орнату;</li> <li>- алдыңғы және артқы аспаларды орнату;</li> <li>- доңғалақтарды орнату;</li> <li>- майшамдардан, от алдыру орауыштарынан және жоғары вольтты сымдардан басқа от алдыру жүйесін орнату (ұшқынмен от алатын іштен жану қозғалтқышы бар моторлы көлік құралдары үшін);</li> <li>- рульдік басқаруды және тежегіш жүйесін орнату;</li> <li>- интерьер және экстерьер элементтерін орнату;</li> <li>- фараларды, алдыңғы және артқы сигнал беретін шамдарды орнату ;</li> <li>- дыбыс тұншықтырғышты және газ шығаратын түтікгің бөліктерін орнату ;</li> <li>- отын бағын және отын түтіктерін орнату;</li> <li>- моторлы көлік құралдарын дайындау кезінде пайдаланылатын автоқұрауыштардың ажырамас бөлігі болып табылатын жетектерден басқа электр жетектерін орнату ;</li> <li>- аккумуляторды орнату;</li> <li>- борттың электр тізбектерін монтаждау;</li> <li>- қозғалтқышты диагностикалау және реттеу;</li> <li>- тежегіш жүйесінің тиімділігін тексеру;</li> </ul>
---------------	--	--

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- моторлы көлік құралына сәйкестендіру нөмірін салу;</li> <li>- дайын моторлы көлік құралын бақылау сынақтарынан өткізу</li> </ul>
<p>8702- 8704- тен</p>	<p>2) электр жетек және гибриді қуат қондырғылары қозғалысқа түсіретін жеңіл автомобильдер және моторлы көлік құралдары</p>	<p>Пайдаланылатын материалдардың құны соңғы өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс, сондай-ақ мынадай технологиялық операцияларды орындау шартымен жасау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шанақты (кабинаны) жасау кезінде дәнекерлеу операцияларын көздемейтін технологияларды қолданған жағдайда, шанақты (кабинаны) дәнекерлеу немесе шанақты (кабинаны) өзге тәсілмен жасау;</li> <li>- шанақты (кабинаны) бояу;</li> <li>- қозғалтқышты орнату (гибриді қуат агрегаттары үшін);</li> <li>- тартқыш электр машиналарды орнату (генераторлар, электр қозғалтқыштар);</li> <li>- қосалқы жабдықты, оның ішінде моторлы көлік құралының конструкциясында көзделген қауіпсіздік, жылыту және салқындатқыш жүйелерін орнату;</li> <li>- трансмиссияны орнату;</li> <li>- алдыңғы және артқы аспаларды орнату;</li> <li>- доңғалақтарды орнату;</li> <li>- рульдік басқаруды және тежегіш жүйесін орнату;</li> <li>- интерьер және экстерьер элементтерін орнату;</li> <li>- фараларды, алдыңғы және артқы сигнал беретін шамдарды орнату;</li> <li>- энергияны жинақтаушы блоктарды орнату (тартқыш аккумулятор батареялары немесе суперконденсаторлар);</li> <li>- моторлы көлік құралдарын дайындау кезінде пайдаланылатын автоқұрауыштардың ажырамас бөлігі болып табылатын жетектерден басқа, электр жетектерін орнату;</li> <li>- борттың электр тізбектерін монтаждау;</li> <li>- қозғалтқышты диагностикалау және реттеу;</li> <li>- тежегіш жүйесінің тиімділігін тексеру;</li> <li>- радиобөгеуілдер деңгейін және электромагниттік үйлесімділік нормаларын тексеру;</li> <li>- моторлы көлік құралына сәйкестендіру нөмірін салу;</li> <li>- дайын моторлы көлік құралын бақылау сынақтарынан өткізу</li> </ul>
		<p>Пайдаланылатын материалдардың құны дайын өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс, сондай-ақ мынадай технологиялық операцияларды орындау шартымен жасау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шанақты (кабинаны) жасау кезінде дәнекерлеу операцияларын көздемейтін технологияларды қолданған жағдайда шанақты (кабинаны) дәнекерлеу немесе шанақты (кабинаны) өзге тәсілмен дәнекерлеу немесе жасау;</li> <li>- шанақты (кабинаны) бояу;</li> <li>- қозғалтқышты орнату;</li> <li>- қосалқы жабдықты орнату, оның ішінде моторлы көлік-құралының конструкциясында көзделген қауіпсіздік, жылыту және салқындатқыш жүйелерді орнату;</li> <li>- трансмиссияны орнату;</li> <li>- доңғалақтарды орнату;</li> <li>- рульдік басқаруды және тежегіш жүйесін орнату;</li> <li>- интерьер және экстерьер элементтерін орнату;</li> </ul>

8704- тен	3) жүк тасуға арналған моторлы көлік құралдары (форвардер үлгісі)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- фараларды, алдыңғы және артқы сигнал беретін шамдарды о р н а т у ;</li> <li>- дыбыс тұншықтырғышты және пайдаланылған газды шығаратын құбыр секцияларын орнату;</li> <li>- отын бағын және отын өткізгіш құбырды орнату;</li> <li>- моторлы көлік құралдарын дайындау кезінде пайдаланылатын, автоқұрауыштардың ажырамас бөлігі болып табылатын жетектерден басқа, электр жетектерін о р н а т у ;</li> <li>- аккумуляторды орнату;</li> <li>- борттың электр тізбектерін монтаждау;</li> <li>- диагностика және қозғалтқышты реттеу;</li> <li>- тежегіш жүйесінің тиімділігін тексеру;</li> <li>- моторлы көлік құралына сәйкестендіру нөмірін салу;</li> <li>- дайын моторлы көлік құралын бақылау сынақтарынан өткізу</li> </ul>
--------------	---	---

».

## 2-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап 60 күн өткен соң уақытша қолданылады және қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Хаттама депозитарий тиісті құжаттарды алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

2014 жылғы \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әр мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жолдайды

<p><i>Ә з е р б а й ж а н</i> Республикасының Үкіметі үшін</p>	<p><i>Р е с е й</i> Федерациясының Үкіметі үшін</p>
<p><i>А р м е н и я</i> Республикасының Үкіметі үшін</p>	<p><i>Т ә ж і к с т а н</i> Республикасының Үкіметі үшін</p>
<p><i>Б е л а р у с ь</i> Республикасының Үкіметі үшін</p>	<p><i>Т ү р і к м е н с т а н</i> Республикасының Үкіметі үшін</p>
<p><i>Қ а з а қ с т а н</i> Республикасының Үкіметі үшін</p>	<p><i>Ө з б е к с т а н</i> Республикасының Үкіметі үшін</p>
<p><i>Қ ы р ғ ы з</i> Республикасының Үкіметі үшін</p>	<p><i>У к р а и н а</i> Үкіметі үшін</p>

*М о л д о в а*  
*Республикасының Үкіметі*

*үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ